

"Екібастұз 2-ГРЭС" акционерлік қоғамының қызметін тұрақтандырудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 шілде N 967

"Екібастұз 2-ГРЭС" акционерлік қоғамының қызметін тұрақтандыру және электр станциясын 1999-2000 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінің алдағы режимдеріне дайындығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Екібастұз 2-ГРЭС" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) бюджетке салықтық төлемдер бойынша 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін мерзімін ұзарту туралы мәселені қарасын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен ауданның қалыптасқан айналасының ластануын ескере отырып, Қоғамда электр энергиясын нақты өндіруге және станцияның жұмыс жағдайларына арналған шекті жол берілетін тастаулардың жобасын к е л і с с і н .

3. Павлодар облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамға зиянды тастаулар мен табиғат пайдалану үшін экологиялық төлемдер бойынша ставкаларды 1998 жылдың деңгейінде сақтасын;

2) Қоғамның ғимараттары мен құрылыстары орналасқан жерлерді Қоғамның м е н ш і г і н е р е с і м д е с і н .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулының 3-тармағының

2) тармақшасында көрсетілген жердің құнын Қоғамның жарғылық капиталына қоссын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесе отырып, бір ай мерзімде Қоғамды оңалту бағдарламасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК